

**"Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жолаушылар көлігі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 348 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 133 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 мамырда № 3189 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 16.05.2016 № 136 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабы 2 тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 348 " Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жолаушылар көлігі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2868 болып тіркелген, 2014 жылғы 11 қарашада "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жолаушылар көлігі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже" деген қосымшасының:

1) 17-тармағы мынадай мәтіндегі 53-1); 53-2); 53-3); 53-4); 53-5); 53-6) - тармақшалармен толықтырылсын:

"53-1) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің ( магистральдық, орамшілік) күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығының паспорттарын береді;

53-2) тұрмыстық баллондарды және газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

53-3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілеріндегі 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін қауіпті техникалық

құрылғылардың, жүк көтергіш механизмдердің, эскалаторлардың, аспалы жолдардың, фуникулерлердің, лифтілердің қауіпсіз пайдаланылуын бақылайды;

53-4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қоюды және есептен алуды жүзеге асырады;

53-5) елді мекендер, қалалар және кен орындары үшін жер асты суларына іздеу-барлау жұмыстарын жүргізеді және ұйымдастырады;

53-6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;"

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б. Оспановқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*А.Мырзахметов*

*Б.Оспанов*

*Б.Жылқышиев*

*Е.Айтаханов*

*С.Қаныбеков*

*Е.Садыр*

*С.Тұяқбаев*

*А.Абдуллаев*

*Р.Исаева*